

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі



2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша
№ 198 баспасөз – релизі

Қазақстан Республикасының банк секторы 2-бет

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы 6-бет

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі 8-бет


Бағалы қағаздар нарығы 10-бет

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар 11-бет


Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғау 12-бет

* - Меншікті капитал пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді


Сақтандыру секторы



Банк секторы



ЖЗҚ зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициентінің арақатынасы



2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша
Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері
(млрд. тенге)

Атауы	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетақы қоры	Сақтандыру секторы	Ипотекалық ұйымдар
Жиынтық активтер	11 668,6	84,2	308,5	80,1
Жиынтық міндеттемелер	12 632,1	5,9	124,5	61,5
Меншікті капитал	-963,6	78,3	184,0	18,6

БАНК СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 38 екінші деңгейдегі банкпен көрініс алды.


2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері 2010 жылғы қаңтар айында 111,2 млрд. теңгеге немесе 1,0%-ға ұлғайып, 11 668,6 млрд. теңге болды.

1 ақпанда банк секторының жиынтық есептелген меншікті капиталы (- 907,6) млрд. теңгені құрады. «БТА Банк» АҚ, «Альянс банк» АҚ және "БТА Банк" АҚ ЕҰ - "Темірбанк" АҚ ескермегенде есептелген меншікті капитал 1 367,7 млрд. теңгені құрады.


Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтердің 44,3%-ын немесе 5 170,6 млрд. теңгені құрады.

1 ақпандағы жағдай бойынша банктердің несиелік портфелі (банкаралық заемдарды ескере отырып) 2010 жылғы қаңтар айында 80,9 млрд. теңгеге немесе 0,8%-ға азайып, 9 558,0 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, ҚР резиденттері еместерге заемдар ағымдағы жылдың 1 ақпанында 1 757,8 млрд. теңгені құрады немесе несиелік портфелінің 18,4%-ы болды (1.02.2009ж. осы көрсеткіш 1 533,6 млрд. теңге немесе 16,8% болған). 1 ақпандағы жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несиелік портфелінің 56,7%-ын немесе 5 417,3 млрд. теңгені құрады.

Активтер, міндеттемелер және есептелген меншікті капитал



Банктердің несиелік портфелі



Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша, оның ішінде 1.02.2010ж. Қазақстан Республикасының резиденті еместерге берілген займдар бойынша ақпарат



млрд. теңге

№	Банктер атауы	Несие портфелі	ҚР резиденті еместерге заемдар	Банк жүйесі бойынша ҚР резиденті еместерге жиынтық займдардағы банктің ҚР резиденті еместерге займдар үлесі, %	Несие портфеліндегі ҚР резиденті еместерге займдардың үлесі, %
1	"БТА Банк" АҚ	2 440,6	1 331,5	75,7	13,9
2	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 324,1	268,6	15,3	2,8
3	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 228,3	80,4	4,6	0,8
4	"АТФБанк" АҚ	844,4	13,3	0,8	0,1
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	666,1	24,9	1,4	0,3
6	"Альянс Банк" АҚ	499,3	9,4	0,5	0,1
7	"БТА БАНК" АҚ ЕҰ - "ТЕМІРБАНК" АҚ	260,4	2,3	0,1	0,0
8	"KASPI BANK" АҚ	251,0	0,0	0,0	0,0
9	"Нұрбанк" АҚ	239,6	9,9	0,6	0,1
10	"Еуразиялық Банк" АҚ	203,2	13,7	0,8	0,1
11	"Цеснабанк" АҚ	118,2	2,2	0,1	0,0
12	"Сбербанк" АҚ ЕБ	99,4	0,0	0,0	0,0

13	"HSBC БАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	60,8	0,4	0,0	0,0
14	"ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ	55,5	0,0	0,0	0,0
15	"Қазинвестбанк" АҚ	53,4	0,0	0,0	0,0
16	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	46,9	-	-	-
17	"RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ	39,2	0,0	0,0	0,0
18	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	38,1	0,1	0,0	0,0
19	"Delta Bank" АҚ	20,9	-	-	-
20	"АЛЬФА-БАНК" ЕҰ" АҚ	16,2	0,1	0,0	0,0
21	"Астана-финанс" Банкі" АҚ	10,8	0,0	0,0	0,0
22	"Хоум Кредит Банк" АҚ	8,6	0,0	0,0	0,0
23	"КЗИ БАНК" ЕБ" АҚ	4,3	0,5	0,0	0,0
24	"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	4,2	-	-	-
25	"БанкПозитив Қазақстан" АҚ	4,0	0,1	0,0	0,0
26	"Заман-Банк" АҚ	3,5	-	-	-
27	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	3,0	-	-	-
28	"Сенім-Банк" АҚ	2,2	-	-	-
29	"Банк Kassa Nova" АҚ	1,8	-	-	-
30	"Банк ВТБ (Қазақстан)" АҚ ЕҰ	1,7	-	-	-
31	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,7	0,0	0,0	0,0
32	"Данабанк" АҚ	1,6	-	-	-
33	"Мастербанк" АҚ	1,6	-	-	-
34	"Қазинкомбанк" АҚ	1,4	-	-	-
35	"Пәкстанның Қазақстандағы ҰБ" ЕБ АҚ	0,9	0,0	0,0	0,0
36	"ҚАЗАҚСТАҢДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕБ АҚ	0,8	-	-	-
37	"Алматы қаласындағы Қытайдың СӨБ" АҚ	0,3	0,3	0,0	0,0
38	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	0,0	-	-	-
Жиынтығы		9 558,0	1 757,8	100,0	18,4

1 ақпандағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 25,6%, күмәнділер – 44,7%, үмітсіздер – 29,7% болды («БТА Банк» АҚ, «Альянс банк» АҚ және «БТА Банк» АҚ ЕҰ - «Темірбанк» АҚ ескермегенде жиынтық кредиттік портфельде үмітсіз кердиттердің үлесі - 5,9%). 5-санатты күмәнді және үмітсіз заемдарға қатысты кредиттердің сомасы (біркелкі кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)¹ 3 532,0 млрд. теңге болды немесе жиынтық несиелі портфелінің 37,0%-ын құрады («БТА Банк» АҚ, «Альянс банк» АҚ және «БТА Банк» АҚ ЕҰ - «Темірбанк» АҚ ескермегенде осы көрсеткіш жиынтық кредиттік портфельдің 1 423,8 млрд. теңге немесе 14,9%-ын құрады) (2009 жылғы 1 ақпанда – 730,6 млрд. теңге немесе 8,0%).

Төлемдер бойынша 90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар заемдар ағымдағы



¹ Бірінғай кредиттердің портфелі бойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты құрылым

жылдың 1 ақпанында 2 094,7 млрд. теңге болды немесе банктердің несие портфелінің 21,9%-ын құрады («БТА Банк» АҚ, «Альянс банк» АҚ және "БТА Банк" АҚ ЕҰ - "Темірбанк" АҚ ескермегенде осы көрсеткіш жиынтық кредиттік портфельдің 993,1 млрд. теңге немесе 10,4%-ын құрады) (1.02.2009ж. – 527,8 млрд.теңге немесе 5,8%).

1 ақпандағы жағдай бойынша заемдар жөніндегі провизиялардың (резервтердің) көлемі 3 541,2 млрд. теңге болды немесе кредиттік портфельдің 37,0%-ын құрады. «БТА Банк» АҚ, «Альянс банк» АҚ және "БТА Банк" АҚ ЕҰ - "Темірбанк" АҚ есепке алусыз есепті айда провизиялардың көлемі 1 177,4 млрд. теңгені немесе 12,3%-ды құрады.

1 ақпандағы жағдай бойынша экономика салалары бөлігіндегі заемдар (жеке тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді ескермегенде) 2010 жылғы қаңтар айында 51,6 млрд. теңгеге немесе 0,7%-ға азайып, 7 347,7 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар, экономикада заемдар құрылымында салалар бойынша үлестер: құрылыста - 26,3%; сауда-саттықта – 26,6%; өндірістік емес салада – 23,9%; өнеркәсіпте – 14,7%; ауыл шаруашылығында - 4,4%; көлікте - 2,8%; жеке қызметте – 0,6%-ға; байланыста – 0,7% болды.


1 ақпандағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері 12 632,1 млрд. теңгені құрады. Олардың ішінен ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелер 2010 жылғы қаңтар айында 17,9 млрд. теңгеге немесе 0,4%-ға азайып, жиынтық міндеттемелердің 4 191,7 млрд. теңгені немесе 33,2%-ын құрады. Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 52,7%-ын немесе 6 658,5 млрд. теңгені құрады.

1 ақпандағы жағдай бойынша заңды және жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы сомасы (банктерден басқа) 2010 жылғы қаңтар айында 100,0 млрд. теңгеге немесе 1,3%-ға ұлғайып, 7 899,4 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдарының сомасы (арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдарын қоса есептемегенде)

2010 жылғы 1 ақпанда заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдардың құрылымы

Атауы	Барлығы	млрд. теңге		
		Несие портфелінің үлесі, %	Арнайы провизиялар	Заемдардың үлесі %
Заңды тұлғаларға берілген банк заемдары	6 233,1	66,8	2 583,6	41,4
Жеке тұлғаларға берілген банк заемдары, оның ішінде	1 852,4	19,8	409,4	22,1
тұтыну мақсатта	722,0	7,7	175,1	24,2
құрылысқа және тұрғын үй құрылысына (ипотекалық тұрғын үй заемдарын қоспағанда)	103,9	1,1	21,2	20,4
ипотекалық тұрғын үй заемдары	840,6	9,0	172,6	20,5
автокөлік сатып алуға	56,7	0,6	12,8	21,5
өзге банктік заемдар	129,0	1,4	27,7	22,0
Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген банк заемдары	1 247,0	13,4	463,2	37,1
Несие портфелі	9 558,0	100,0	3 540,9	37,0

ЕДБ салымдары



2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша өтеуге дейін қалған төлем мерзімі бойынша ЕДБ, ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелері

Атауы	Сомасы
Талап еткенге дейін	191,8
1 айға дейін	253,0
1 айдан 3 айға дейін	122,2
3 айдан 6 айға дейін	340,5
6 айдан 1 жылға дейін	341,6
1 жылдан 2 жылға дейін	558,3
2 жылдан 3 жылға дейін	437,0
3 жылдан 5 жылға дейін	753,1
5 жылдан аса	1 134,6
Қаржылық емес міндеттемелер	59,6
ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелер	4 191,7

4 193,3 млрд. теңгені (салымдардың жалпы сомасының 53,1%-ын) құрады. Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары 2010 жылғы қаңтар айында 26,3 млрд. теңгеге немесе 1,5%-ға азайып, 1 769,3 млрд. теңгені құрады. Жеке тұлғалардың салымдарының сомасы 1 936,9 млрд. теңгені (салымдардың жалпы сомасының 24,5%-ын) құрады. 1 ақпандағы жағдай бойынша шетел валютасында номинирленген клиенттердің салымдары клиенттердің жиынтық салымдарының (арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдарын есепке алусыз) 46,2%-ын немесе 2 829,9 млрд. теңгені құрады.

1 ақпандағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне қатысты жоғарыөтімді активтерінің үлесі 19,5%-ды құрады.

1 ақпанда екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 371,2 млрд. теңгені құрады. Шығыстар сомасы – 363,9 млрд. теңге (есепті күнде болған 1,1 млрд. теңге табыс салығын есепке алусыз). 1 ақпанда банктердің пайдасы 6,2 млрд. теңгені құрады.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сот шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 3 банк бар ("Валют-Транзит Банкі" АҚ, "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ, "Бизнесбанк" ААҚ).

2010 жылғы 1 ақпанда Агенттік Басқармасының екінші деңгейдегі банктердің және банк конгломераттардың қызметтерін реттеу мәселелері бойынша өткен отырысында «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «AL Hilal Bank» жария акционерлік қоғамына қайтадан құрылып жатқан «AL Hilal» ислам банкі» акционерлік қоғамының банк холдингі мәртебесін иемдену туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы №205 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулы қабылданды.

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ



2010 жылғы 1 ақпанда Агенттікпен берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 41 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызмет етті, бұл ретте өмірді сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия 7 ұйымда бар, көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру бойынша лицензия - 28 ұйымда бар. Сондай-ақ, сақтандыру қызметі нарығында 13 сақтандыру брокері және 63 актуарий қызметін жүзеге асыруда.

Сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері қаңтарда 3,8%-ға өсіп, 1 ақпанда 308,5 млрд. теңге болды. Жиынтық меншікті капитал 1,9%-ға өсіп, 184,0 млрд. теңгені құрады. Сақтандыру резервтерінің сомасы 105,2 млрд. теңгені құрады.

Тура сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 ақпанда 12,2 млрд. теңге болды, бұл 2009 жылғы ұқсас көрсеткіштен 32,6%-ға көп. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2,9 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 16,0%), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 4,1 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 2,2 есе), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 5,2 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 8,3%) болды.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 ақпанда 0,9 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 2,3 есе) болды, ал жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандырудың үлесі 7,2% (2009 жылғы 1 ақпанда 4,1% болған) болды.

Страховые премии, переданные на перестрахования – Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары премии переданные на перестрахование резиденту – резидентке қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар премии переданные на перестрахование нерезиденту – резидент емеске қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар



1 ақпанда қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 3,6 млрд. теңге болды немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 29,5%-ын құрады, бұл ретте ҚР резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 26,2%-ы берілді (2009 жылғы 1 ақпанда ҚР резидент еместерге қайта сақтандыруға тапсырылған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 33,7% болды).

2009 жылғы қаңтарда тура сақтандыру шарттары бойынша жүргізілген сақтандыру төлемдерінің көлемі 1,4 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 17,6%-ға аз. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 0,5 млрд. теңге болды (азаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда - 16,7%), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,8 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда - 60,0%) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 0,1 млрд. теңге (азаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда - 83,3%).

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

Желтоқсан айында сақтандыру (қайта сақтандыру) нарығының қызметін реттейтін заңнаманы бұзушылықтарды жою мақсатында сақтандыру ұйымдарының атына Агенттікпен 3 ұйғарым-хат, 4 жазбаша міндеттеме жіберілді.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 3 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бар («Валют-Транзит Полис» СК» АҚ, «Валют-Транзит Life» ӨСК» АҚ және «Алтын Полис» СК» АҚ).

2010 жылғы 1 ақпанда Агенттік Басқармасының сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша өткен отырысында «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» қаулы қабылданды.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, олардың республика өңірлерінде 77 филиалы және 49 өкілдігі бар.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 14 заңды тұлғада бар, олардың ішінде 10 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар. Қаңтар айында жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия берілген жоқ.

Лицензии на инвестиционное управление пенсионными активами имеют 14 юридических лиц, из них 10 фондов имеют лицензии на самостоятельное управление пенсионными активами. В январе лицензии на самостоятельное управление пенсионными активами накопительным пенсионным фондам не выдавались.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1 887,7 млрд. теңгемен 7 740 414 болды. Қаңтар айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 8 286 бірлікке (0,1%) өсті, жинақталған зейнетақы қаражаты сондай-ақ 32,5 млрд. теңгеге (1,8%) өскен.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 41 410 болды. Қаңтарда ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 272 бірлікке (0,7%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы қаражаттары бойынша салымшылар (алушылардың) шоттарының саны қаңтар айында 16 бірлікке (0,4%) азайып, 2010 жылғы 1 ақпанда жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 87,6 млн. теңгемен 4 060 шот болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы қаңтарда 32,5 млрд. теңге (1,7%) өсіп, 2010 жылғы 1 ақпанда 1 893,0 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі қаңтарда 23,7 млрд. теңгеге (1,6%) өсіп, 2010 жылғы 1 ақпанда 1 512,5 млрд. теңге болды.


Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) қаңтар айында 14,2 млрд. теңгеге (2,9%) өсіп, 2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 495,9 млрд. теңге болды.

Салымшылар (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі қаңтарда 0,3 пайыздық тармаққа ұлғайып, 2010 жылғы 1 ақпанда 26,2% болды.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларынан сақтандыру ұйымдарына зейнетақы төлемдері мен аударымдары 137,7 млрд. теңге болды. Қаңтар айында қорлармен алушыларға жалпы сомасы 5,5 млрд. теңге (4,2%) зейнетақы төлемдері жүзеге асырылды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан басқасына аударым жасау қаңтар айында 23,1 млрд. теңгеге (3,3%) өсіп, 2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 733,4 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылдық кезеңде (2005 жылғы қаңтар – 2010 жылғы қаңтар) –46,51% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 61,78%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 43,18%;

- 3 жылдық кезеңде (2007 жылғы қаңтар – 2010 жылғы қаңтар) – 19,30% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 38,45%);

- 12 айда (2009 жылғы қаңтар – 2010 жылғы қаңтар) – 11,99% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 7,3%).

2010 жылғы қаңтар айында ҚР қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының атына 5 жазбаша міндеттеме жіберілді.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 1 жинақтаушы зейнетақы қоры тұр («Валют-Транзит Қор» ЖҚ» АҚ).

Агенттік Басқармасының 2010 жылғы 14 қаңтардағы №1 қаулысына сәйкес «Қазақмыс ЖЗҚ» АҚ-на Қорды корпоративтіктен түрін ашыққа өзгерту нысанында ерікті қайта құрылымдауды жүргізуге рұқсат берілген.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымы бар акционерлік қоғамдар саны 2010 жылғы 1 ақпанда 2 196 қоғам болды. Сондай-ақ, нарықта 83 брокер-дилер, 11 тіркеуші, 11 кастодиан банк, 14 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (ЗАИБЖҰ), 49 инвестициялық портфельді басқарушы және 3 трансфер-агент жұмыс істейді.

2010 жылы 55 акция шығарылымы (проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі ауыстырылған акциялар шығарылымын есепке алғанда) тіркелді.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың қаңтар айында 365,0 млрд. теңге сомасына 2 облигациялық бағдарлама, жалпы номиналды құны 58,0 млрд. теңгеге облигациялық бағдарлама шеңберінде 3 облигациялық бағдарлама тіркелді. Қолданыстағы облигациялық бағдарламалардың саны 2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша жалпы номиналды құны 3 647,3 млрд. теңгеге 65 шығарылым болды.

2010 жылғы қаңтарда өтелген облигациялар шығарылымының саны 4,4 млрд. теңге сомасына 1 шығарылым болды.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша айналыста 397 қолданыстағы мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымдары болды, олардың жиынтық номиналды құны 5 266,7 млрд. теңгені құрады.

Бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеп тұрған инвестициялық пай қорларының саны 2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 183 (144 – жабық, 16 – ашық және 23 – аралық) болды. Сонымен қатар, есепті кезеңде нарықта 40 акционерлік инвестициялық қор қызмет атқарады.

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылымдарының саны: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 313 шығарылым, «Акциялар» секторы бойынша – 98 шығарылым және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым.

Бұдан басқа 2010 жылғы қаңтарда «АЗИЯ АВТО» акционерлік қоғамы және «Құрылыс материалдары мен конструкциялар комбинаты - 2» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі KZPC1Y03C348, KZ2P0Y03C772 ұлттық бірегейлендірілген нөмерлер иемденген купондық облигациялар бойынша сыйақыны төлеу бойынша дефолт жіберген.

ҚР қолданыстағы заңнамасының бағалы қағаздар рыногы бойынша жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 5 жазбаша ұйғарым, 3 жазбаша міндеттеме жіберілді және 1 жазбаша келісім жасалды.

2010 жылғы 1 ақпанда Агенттік Басқармасының бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өткен отырысында мынадай бірқатар қаулылар қабылданды:

- Орталық депозитарийде тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 238 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;

- Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.



БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)

2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республиканың қаржы рыногында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 7 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 9 ұйым тіркелді.


Ағымдағы жылдың 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің сомасы 80,1 млрд. теңге болды, 2010 жылғы қаңтарда азаюы - 0,2 млрд. теңге немесе 0,2%.

Жиынтық міндеттемелер 2010 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 0,2 млрд. теңгеге немесе 0,3%-ға азайып, 61,5 млрд. теңгені құрады. Ипотекалық ұйымдардың баланс бойынша меншікті капиталы 18,6 млрд. теңге болды.


Есеп беру күнінде ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 67,7 млрд. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы көрсеткіштен 1%-ға (0,7 млрд. теңгеге) төмен.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында 2010 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 67,2%, күмәнділердің үлесі - 21,4%, үмітсіздердің үлесі - 11,4% болды. (2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 86,6%, күмәнділердің үлесі - 12,6%, үмітсіздердің үлесі - 0,8% болды.

Негізгі көрсеткіштер




Несие портфель



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

2010 жылғы қаңтар айында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) жеке және заңды тұлғалардан **204** өтініш келіп түсті, оның ішінде: **166** жазбаша өтініштер және Агенттік Төрайымының атына ҚР Үкіметінің электронды порталының блог-платформасына (бұдан әрі – блог-палтформа) келіп түскен **38** өтініштер, оның ішінде:



– **97** өтініш – екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі - банктер) қатысты (жалпы санының 47,56%), 93 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 73 өтініштерді қосқанда) – 4 негізделген (қаралған жалпы санының 4,30%);

– **2** өтініш – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 0,98%), 7 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 5 өтініштерді қосқанда) – 0 негізделген;

– **21** өтініш – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметтеріне және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ қатысты (жалпы санының 10,29%) және 35 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 26 өтініштерді қосқанда) - 4 негізделген (қаралғандардың жалпы санының 11,43%);

– **8** өтініш – бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметтеріне қатысты (жалпы санының 3,92%), 4 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 3 өтініштерді қосқанда) - 0 негізделген;

– **10** өтініш – жинақтаушы зейнетақы қорлардың қызметіне қатысты (бұдан әрі - ЖЗК) (жалпы санының 4,90%), 13 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 11 өтініштерді қосқанда) - 2 негізделген (қаралған өтініштердің жалпы санының 15,39%);

– **41** заңды және жеке тұлғалардың (оның ішінде қаржы ұйымдары) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнама нормаларын түсіндіруді ұсыну туралы өтінішпен ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен сұрату (жалпы санының 20,10%);

– **25** Агенттіктің құзыретіне кірмейтін мәселелері бойынша өтініштер (жалпы санының 12,25%).

Төменде екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, ЖЗК, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың бөлігіндегі өтініштері және олардың 2010 жылғы қаңтарда келіп түскен өтініштердің жалпы көлемінің үлес салмағы туралы мәліметтер көрсетілген:

	Қаржы ұйымының атауы	Өтініштер саны*	Қаржы нарығының тиісті секторындағы үлес салмағы, %
<i>Екінші деңгейдегі банктер</i>			
1	«БТА Банк» АҚ ЕҰ - «Темірбанк» АҚ	16	16,50

2	«Альянс Банк» АҚ	14	14,43
3	«БТА Банк» АҚ	12	12,37
4	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	11	11,34
5	«Банк ЦентрКредит» АҚ	10	10,31
6	«Казкоммерцбанк» АҚ	8	8,25
7	«Цеснабанк» АҚ	6	6,19
8	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	6	6,19
9	«Kaspi Bank» АҚ	4	4,12
10	«Хоум Кредит Банк» (««Алма-Ата» ХБ АҚ) АҚ	3	3,09
11	«Еуразиялық банк» АҚ	2	2,06
12	«АТФ Банк» АҚ	2	2,06
13	«Нұрбанк» АҚ	1	1,03
14	«Метроком Банк» АҚ	1	1,03
15	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	1	1,03
	Жиынтығы:	97	47,56**
Банктік емес қызмет			
1	«ДИО АО «БТА Банк» АҚ ЕИҰ» «БТА Ипотека» АҚ	1	50,0
2	«Астана-Финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ	1	50,0
	Жиынтығы:	2	0,98**
Сақтандыру қызметі			
	««Алтын Полис» СК» АҚ (таратылатын ұйым)	6	28,59
	«Мұнай сақтандыру компаниясы» СК» АҚ	3	14,29
	«Premier Сақтандыру» АҚ	2	9,52
	«Сая» СК» АҚ	2	9,52
	«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік бері қоры» АҚ	1	4,76
	"Атланта Полис" СК" АҚ	1	4,76
	«Казкоммерц-Полис» СК» АҚ	1	4,76
	«Альянс Полис» СК» АҚ	1	4,76
	«ТрансОйл» СК» АҚ	1	4,76
	"Астана-Финанс" сақтандыру компаниясы" АҚ	1	4,76
	«Қазақмыс» СК» АҚ	1	4,76
	«SFK – INSURANCE» Қазақстанның фермерлер одағы ОВС	1	4,76
	Жиынтығы:	21	10,29**
Бағалы қағаздар нарығы			
1	«Unicomp IFC» АҚ басқаруымен «Нәсіп» Аралық ПИК	2	25,00
2	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	1	12,50
3	«Қазсаудатехника» ААҚ	1	12,50
4	«Қор орталығы» АҚ	1	12,50
5	«Маңғыстау скважиналарды геологиялық зерттеу экспедициясы» АҚ	1	12,50

6	«Инвестжолдары» ИПҚ	1	12,50
7	«Альянс Банк» АҚ	1	12,50
	Жиынтығы:	8	3,92*
Жинақтаушы зейнетақы жүйесі			
1	«Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ	5	50,00
2	«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» ЖЗҚ» АҚ (бұрынғы атауы – «Д.А. Қонаев атындағы АЖЗҚ» АҚ)	2	20,00
3	«Қорғау» ЖЗҚ» АҚ	1	10,00
4	«РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ» АҚ	1	10,00
5	«Грантум» ЖЗҚ» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	1	10,00
	Жиынтығы:	10	4,90**

* - өтініштердің барлығы негізделген болып табылмайды

** - жалпы келіп түскен өтініштер санының сектордың үлес салмағы

Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың шағым-талаптары мен өтініштерін қарау нәтижелері бойынша Агенттік сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қатысты 1 жазбаша ұйғарым шығару түрінде шектеулі ықпал ету шарасын қолданды.